

Джакишева У.К., Қанатқызы А.

**Қазақстан Республикасындағы
есеп көрсеткіштеріне
инфляция әсерін
жою шаралары**

Инфляция проблемасы экономикалық ғылымда маңызды орын алады оның көрсеткіштері мен әлеуметтік-экономикалық салдарлары елдің және бүкіл әлемдік шаруашылықтың экономикалық қауіпсіздігін бағалауда күрделі рөл атқарады. Қазіргі замандағы жағдайларда осы мәселенің өзектілігі инфляцияның дамуының мәнін, тереңдетілген себептерін және оның ерекшеліктері мен антиинфляциялық саясаттың негізгі бағыттарын айқындау қажеттілігімен анықталады. Әлемдік экономиканың жай-күйі және оның жұмыс істеу талаптары қазіргі уақытта тұрақсыз және түрлі бағыттағы болып бағаланады. Еуроаймақ жаңа экономикалық рецессия толқынының алдында тұр. Қытай, Ресей нарықтары қалыптасу үстіндегі бірқатар елдер экономикасының өсу қарқынының баяулағанын көрсетіп отыр. Мұнайды экспорттаушы елдердің жағдайы мұнайдың әлемдік бағасының 2015 жылдың ортасынан бері байқалып отырған төмендеуімен қиындай түсуде.

Түйін сөздер: Инфляция, ақша кредит саясаты, бюджет саясаты, дефляция, кірістер саясаты, сұраным, классикалық бағыттар.

Dzhakishева U.K., Kanatkyzy A.

**Measures to eliminate the effect
of inflation on accounting figures
in the Republic of Kazakhstan**

The problem of inflation has an important place in economic science, and its indicators and socio-economic impacts play an important role in assessing the economic security of the country and the world economy. In the cases of inflation in the modern world the relevance of the problem of essence, root causes and anti-inflationary policy and its characteristics are determined by the necessity of defining main directions. The world economy is currently unstable and the modalities of its work and evaluated in various ways. The Eurozone is on the verge of a new wave of economic recession. China, Russia and a number of countries shows that markets with the emerging economies experiencing a slowdown of growth. The situation is exacerbated by the decline in world prices for oil countries-exporters of oil observed from mid-2015.

Key words: Monetary policy, fiscal policy, deflation, income policy, demand, inflation.

Джакишева У.К., Қанатқызы А.

**Меры к устранению влияния
инфляции на показатели
отчетности в Республике
Казахстан**

Проблема инфляции занимает важное место в экономической науке, ее показатели и социально-экономические последствия играют большую роль в оценке экономической безопасности страны и всемирного хозяйства. В случаях развития инфляции в современном мире актуальность данной проблемы сущности, глубинных причин и антиинфляционной политики и ее особенности определяются необходимостью определения основных направлений. Состояние мировой экономики в настоящее время является нестабильной и условия его работы и оценивается в различных направлениях. Еврозона стоит на пороге новой волны экономической рецессии. Анализ экономики Китая, России и ряда стран показывает, что на рынках формирующейся экономикой происходит замедление темпов роста. Положение усугубляется снижением мировых цен на нефть стран-экспортеров нефти, наблюдаемых с середины 2015 года.

Ключевые слова: Инфляция, денежно-кредитная политика, бюджетная политика, дефляция, политика доходов, спроса, классического направления

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕСЕП КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ИНФЛЯЦИЯ ӘСЕРІН ЖОЮ ШАРАЛАРЫ

Елдегі экономикалық ахуалды сипаттайтын күрделі және алуан қырлы әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың бірі – инфляция. Инфляция проблемасы экономикалық ғылымда маңызды орын алады оның көрсеткіштері мен әлеуметтік-экономикалық салдарлары елдің және бүкіл әлемдік шаруашылықтың экономикалық қауіпсіздігін бағалауда күрделі рөл атқарады. Қазіргі замандағы жағдайларда осы мәселенің өзектілігі инфляцияның дамуының мәнін, тереңдетілген себептерін және оның ерекшеліктері мен қаржылық есептілікте әсерін айқындау болып табылады.

«Инфляция» термині (латын сөзінен шыққан – кебіну, ісіну) ақша айналысына қатысты ХІХ ғасырдың орта шенінде пайда болды.

Инфляция дәстүрлі ең жалпы анықтамасы – тауар айналымының қажеттілігімен салыстырғанда айналыс сферасының артық қағаз ақша массасымен лықа толып кетуі, олардың құнсыздануы және соның нәтижесі ретінде – тауарлар мен қызметкерлер бағаның өсуі, ақшаның сатып алуға жарамдылығының төмендеп кетуі.

Экономикасы ауыспалы мемлекеттерде инфляциялық процестер өсу темпімен өзгереді. Осы өзгерістер инфляцияның ең ауыр, әрі басқарылмайтын қасиеті.

Қазақстан Республикасының президенті өзінің жолдауында былай деп кеткен: «Ақша – кредит саясатының негізгі мақсаты – инфляцияны тежеуді қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жету жолындағы жауапкершілік Ұлттық банк пен үкіметке жүктеледі. Олардың қолында сол үшін барлық өкілеттіктер мен құралдар бар».

Баға азық-түлік тауарларына өткен айда 1,8%, азық-түлік емес тауарларына – 0,9%, ақылы қызметтерге – 1,2%-ға өсті.

	2016 ж. қаңтар		
	2015 ж. желтоқсанға	2015 ж. қаңтарға	2010 ж. желтоқсанға
Тауарлар мен қызметтер	1,3	14,4	47,4
Азық – түлік тауарлары	1,8	11,6	44,8
Азық – түлік емес тауарлары	0,9	23,8	50,1
Ақылы қызметтер	1,2	8,6	47,5

Өткен айда бағаның өсуі жаңадан жиналған көкөністерге 8,2%, жұмыртқаға – 4,3%, жаңадан жиналған жемістерге – 3,7%-ға, нанға, қантқа – 3,2%, картопқа, қара шайға – 2,8%-дан, кептірілген жемістер мен жаңғақтарға – 2,6%, сүзбеге – 2,2%-ға, жармаларға, күнбағыс майына – 2,1%-дан, мәйекті ірімшікке – 2%, құс етіне – 1,9%, өсімдік-сары майға – 1,8%, консервіленген сүтке – 1,7%, макарон өнімдеріне – 1,3%, кондитерлік өнімдерге – 1,2%, тоқаш және ұннан дайындалған өнімдерге – 1,1%-ға тіркелді.

Баға өсімі фармацевтикалық өнімдерге 4%, тұрмыстық аспаптарға – 2%, тоқыма бұйымдарына, шыны және қыштан жасалған өнімдерге – 1,9%-дан, жолға қажетті тауарлар мен заттарды тасымалдайтын басқа да


бұйымдарға – 1,5%, жуғыш және тазалағыш құралдарға, автомобильдерге – 1,2%-дан, жеке қолданатын тауарларға – 1%, киім және аяқ киімге – 0,7% құрады.

Алыс қашықтыққа қатынайтын жолаушылардың темір жол көлігіне жол жүру ақысы 4,9%, мектепке дейінгі білім беру қызметтеріне – 3,2%, ішкі қалалық қатынастарда автобуспен жол жүру ақысы – 1,8%, денсаулық сақтау қызметтеріне – 1,4%-ға қымбаттады. Құқықтық қызметтер, жеке көлік құралдарын сақтандыру үшін төлем 7%-дан өсті.

Тұрғын үй-коммуналды қызметтер саласында тарифтер тарату желілері арқылы тасымалданатын газға 3,4%, суық суға – 2,5%, кәрізге – 2,2%, электр энергиясына – 1,3%, орталықтан жылытуға 1,1%-ға жоғарылады.

Тұтыну тауарлары мен қызметтеріне бағаның өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



Инфляция деңгейін сипаттайтын тұтыну бағасының индексі халықтың жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлары мен қызметтері бағасының өзгеруін көрсетеді. Тауарлар мен қызметтер жиынтығына 510 позиция кіреді. Бағаны тіркеу меншіктің түрлі нысандарындағы сауда және қызмет көрсету саласы кәсіпорындарының іріктеме жүйесі бойынша барлық облыс орталықтарында, астанада және қалалар мен аудан орталықтарының белгіленген шеңбері бойынша жүргізіледі. Біріктіру үшін пайдаланылатын салмақ жүйесі олардың шығыстары бөлігінде өткен жылғы үй шаруашылықтарын зерттеу материалдары негізінде есептеледі.

2016 жылғы қаңтардан бастап ТБИ-ді есептегенде азық-түлік тауарларының үлесі 36,7%, азық-түлік емес тауарлар – 31,4%, ақылы қызметтер – 31,9%-ды құрады.

Инфляцияны екі типке бөлінеді – сұраныстың артуынан және шығындардың өсуінен болатын. Күнделікті өмірде бұл екі типті ажырату өте қиын. Мысалы, денсаулық сақтау шығындары тез арада өсті, артынан жиынтық шығыны көбейді, бұл сұраныс инфляциясын тудырады. Егер тауарларға, ресурстарға сұраныс өссе, онда кейбір фирмаларда материалдарға, ресурстарға, жанармайға шығын өсіп жатқандығы байқалады. Сол кезде өндіріп жатқан тауарлардың бағасын

көтеруге мәжбүр болады. Өндірістік шығындар өсуі салдарынан сұраныс инфляциясы пайда болады. Бірақ көптеген фирмалар оны инфляция шығыны деп ойлайды. Бұл екі типтің қайсысы екенін ажырату қиын. Сұраныс инфляциясы жиынтық шығындар болғанда байқалады. Ал инфляция шығыны автоматты түрде өз-өзінен жоқ болады. Ұсыныс азайған кезде нақты ішкі өнім көлемі және айналым қысқарады. Бұл шығындардың өсуіне кедергі болады.

Инфляцияға қарсы саясатты сипаттағанда, екі әдістемені бөліп айтуға болады. Бірінші әдістеме шеңберінде белсенді бюджет саясаты жүргізіледі – сұранымға ықпал жасау мақсатында мемлекеттік шығындар мен салықтар реттеледі. Инфляция жағдайында мемлекет шығындарын қысқартып, салықтарды көтереді. Осының нәтижесінде сұраным қысқарады, инфляция қарқыны төмендейді. Бірақ сонымен бірге өндіріс өсуі де тырып, жұмыссыздықты арттырып жіберуі мүмкін. Ол қоғам үшін инфляцияны тежеудің құны болады. Құлдырау жағдайында бюджет саясаты сұранымды кеңейтуге бағытталады. Егер сұраным жеткіліксіз болса, онда мемлекеттің инвестиция бағдарламасы іске қосылады және шығындар артады, салықтар төмендетіледі. Ең алдымен табысы төмен нарық субъектілеріне салынатын салық қысқартылады.

Екінші әдістемені жаңа классикалық бағыттағы экономистер ұсынады. Олар бірінші орынға ақша – несие арқылы реттеу әдісін қояды. Бұл әдіс экономика жағдайына жанама түрде икемді ықпал жасайды. Бұл саясатты үкіметке тікелей бағынбайтын Орталық банк жүргізеді. Орталық банк айналымдағы ақша көлемін өзгертеді және қарыз пайызы (процент) келісімін реттейді, сонымен экономикаға ықпал жасайды.

Сонымен инфляция салдары барлық әлеуметтік топтарға, экономикалық секторларға әсерін тигізбей қоймайтындығын айтуға болады. Қазіргі таңда көптеген экономистер оны шешудің сан алуан жолдарын талдау үстінде. Бірақ көптеген білікті экономистердің пайымдауынша оны ақша-кредит саясаты арқылы жүргізу керек.

Инфляцияның өрістеп, күшеюі экономикалық және әлеуметтік қарама – қайшылықтарды асқындырып жіберетіндіктен мемлекет инфляцияны жою және ақша айналысын тұрақтандыруға арналған шаралар қолдана бастайды. Инфляция кезінде мемлекет іс – қимылының екі нұсқасы болады:

1) бейімделу саясатын жүргізу немесе инфляцияға бейімделу;

Бұл кезде табыстарды, жалақыны, пайыздық өлшерлемелерді, инвестицияларды индекстеу жөнінде шаралар қолданылады;

Компаниялар мен фирмалар қысқа мерзімде жобаларды өткізеді, жеке тұлғалар табыстың қосымша көздерін іздестіреді және т.с.с.

2) инфляцияны төмендету немесе басу жөнінде инфляцияға қарсы шаралардың кешенін жүргізу.

Инфляцияны жою жөніндегі шаралардың кешені қоғамның іс-әрекет етуінің өндірістік-экономикалық, құқықтық, институционалдық, моралдық-адамгершілік сфераларының әр түрлі жақтарына әрекет етуді қамтиды десекте олардың шешушісі базалық, өндірістік-экономикалық сфера болып табылады.

Сұраным инфляциясын жоюға ақша және фискалдық саясатты пайдаланудың біршама қатардағы макроэкономикалық әдістермен жетуге болады.

Инфляцияға қарсы саясат – инфляциямен күреске бағытталған экономиканы мемлекеттік реттеу жөніндегі шаралар кешені. Мұндай саясаттың екі негізгі жолы белгіленген дефляциялық саясат және кірістер саясаты.

Дефляциялық саясат – мемлекеттің шығындарын азайту, несие үшін пайыздық мөлшерлемелерді арттыру, салық ауыртпалығын күшейту, ақша массасын шектеу жолымен ақша-несие және салық механизмі арқылы ақша сұранымын реттеуді қарастырады. Бұл саясат экономиканың өсуін тежейді.

Кірістер саясаты – бағаға және жалақыға оларды толықтай матау немесе олардың өсу шегін белгілеу жолымен параллелді бақылау жүргізуді қажет етеді. Оны жүзеге асыру әлеуметтік қайшылықтарды қоздыруы мүмкін.

Инфляцияға қарсы фискалдық саясат салықтарды көбейту, мемлекеттің шығыстарын қысқарту және осының негізінде мемлекеттік бюджеттің тапшылығын төмендету арқылы жүргізіледі.

Салық саясаты инфляция жағдайында екі өзара байланысты, бірақ қайшылықты міндеттерді шешуі тиіс:

біріншіден, мемлекеттік бюджеттің теңдестігіне жету және тапшылығын жою үшін оның кірістерінің деңгейін көтеру керек;

екіншіден, экономиканың бастапқы буындарында – өндіріс пен айырбас сферасында экономикалық белсенділікті жандандыру қажет.

Инфляцияға қарсы салық саясаты жанама салық салуды қысқартуда болып отыр. Жанама

салықтардың инфляциялық сипаты болады, өйткені олар бағаны өсіреді, сұранымды қысқартады. Жоғары салықтардың іс-әрекетінің екінші аспекті өндіріске олардың қысымы болып табылады, бұл ұсынымды шектейді. Үшіншіден, едәуір салық ауыртпалығы, әдеттегідей, салық жүйесін күрделілендіретін көптеген салықтардың іс-әрекетімен байланыстырылады, мұның өзі салықтан жалтарынуға әкеп соқтырады.

Сондықтан инфляция кезінде тұтынуға салық салуға акцентпен жеңілдіктеудің шарттарымен ауыртпалық түсірмейтін қарапайым және сенімді салық жүйесі тәуірірек болады. Бұл талаптарға айтарлықтай дәрежеде табысқа салынатын салық пен мүлік құнына қарай мөлшерлемелерді жіктеудің жоғары дәрежесі бар мүлік салығы сай келеді.

Кез келген жағдайда шығыстарды қысқарту дамудың көптеген ұлттық бағдарламаларының іс-қимылын, тез қайтарым бермейтін әртүрлі лайықты жобалардан, шаралардан бас тартуды және т.с.с. шалады.

Мыналардың нәтижесінде инфляцияның екінші типін—шығындардың (өндірушілер инфляциясының) өсуінен туатын инфляцияны жою проблемаларын шешу неғұрлым қиынырақ болып келеді:

- 1) жалақыны көбейту;
- 2) ұйымдық сипаттағы себептер бойынша шаруашылық механизмінің бұзылуына байланысты еңбек өнімінің төмендеуі;
- 3) шикізат және энергетикалық ресурстар иелерінің инфляциялық тосулары, осыған қарай олар өндірістің бастапқы өнімдеріне бағаны көтереді.

Өндіріс шығындарымен байланысты болатын инфляцияны жою өзара байланысты проблемалардың бірнеше күрделі блоктарын шешуді қажет етеді.

Инфляцияны төмендету проблемаларының бірінші блогы экономикалық тұрақтандырудың бүкіл жүйесінің орталық буыны ретіндегі өндірістің құлдырауын жоюда болып отыр. Өз кезегінде ол мына өзара тәуелді проблемаларға ұшырайды.

Біріншіден, еңбек өнімділігінің уәждемелік ынталандырмааларын, оның тиімді нәтижелеріне ынталылықты күшейту меселелерін шешу, басымдық ретіндегі өндірістік еңбек қызметін қалпына келтіру. Бұған қажырлы еңбек пен оның нәтижелерінің арасында тікелей байланыс болатын жекеше өндірістік секторды дамыту негізінде қол жетеді.

Сауда – делдалдық сфераға қарағанда өндірістік сфераның басымдығын қамтамасыз ету қажет. Өндірістік сфераның дамуын көтерме-леуге салықтардың жеңілдік жүйесімен, несиені кедергісіз алумен және несиелер бойынша төмендетілген пайыздық мөлшерлемелермен, ұдайы өндіріс, еңбекке ақы төлеу қорларына даму үшін қолайлы экономикалық нормативтерді, аударымдарды белгілеумен және т.с.с. жетуге болады, қажетті жағдайда өндірістік сектор қызметінің басым түрлерін қаржыландыру жолымен тікелей қолдау жүзеге асырылды .

Инфляцияны жеңіп шығу жөніндегі шаралар жүйесіндегі қажетті элемент нарықтық бәсеке механизмі мен меншіктің барлық нысандарының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің экономикалық жауапкершілігі механизмін жасау болып табылады; аталған механизмдердің іс-қимылы мына сызбаға саяды: шығындардың төмендеуі – бағалардың төмендеуі – өндірістің өсуі есебінен таза табыс көлемінің сақталуы – ұсынымның көбеюі– сұранымның қанағаттандырылуы.

Бәсеке механизмін жасау монополияға қарсы шараларды жүргізумен, меншіктің түрлі нысандарын дамытумен, шаруашылық- қаржы қызметіндегі олардың теңдігін заңнамалық түрде қамтамасыз етумен байланысты болады.

Инфляцияға ықпал етудің ең түбегейлі құралы экономиканы мемлекеттік реттеу шеңберінде бағамен жалақыға бақылау қою болып табылады. Баға мен жалақыны реттеудің ауқымдарын тандау қысқа мерзімді саясат бағдарламаларында айқындалады және кеңінен инфляция деңгейіне, өндіріс қарқынына, халықты әлеуметтік қорғаудың қажеттіліктеріне қарай түрленіп оырады. Базалық технологиялық шекте – шикізат, отын, басқа бастапқы өнімдерді өндіруде бағаны реттеуді жүргізудің маңызы зор .Тап олардың құны келесі технологиялық шектердің өнімі бағасының бүкіл пирамидасының негізіне қойылады.

Жалақыны реттеу бастапқы (қол жеткен) деңгейден еңбек өнімділігінің нақты артуына қатаң байланыста жүзеге асырылады, өйткені номиналды жалақы мөлшерлемелерінің еңбек өнімділігі өсуінің қарқынына тең өсімі өзінің сипаты бойынша инфляциялық емес болып табылады.

Сыртқы экономикалық қызметті қамтып көрсететін төлем балансы тарапынан инфляцияны төмендету шаралары оның құрлымын жақсартуда болады . Бірінші кезекте бұл тауарлар мен қызметтердің, яғни экспорттық-

импорттық операциялардың қозғалысымен байланысты болатын ағымдағы операциялар бойынша тендікке жетуге қатысты болады.

Төлем балансының ағымдағы тапшылығын қысқартуға жалпы импортталатын тауарлар мен қызметтерге ішкі сұранымды отандық тауарлар мен қызметтерге ауыстыру есебінен, сондай-ақ сыртқы сұранымға қарағанда экспорттық өндірістің икемділігін арттыру есебінен жету керек. Бұған реалистік деңгейде валюта бағамын белгілеу саясатын жүргізу, инфляциялық серпіліс кезеңінде сауда және валюталық шектеулердің ұтымды ұштасуы жә-

не инфляция қарқыны төмендеген кезде сыртқы экономикалық қатынастарды ырықтандыру арқылы жетеді.

Инфляцияны басқаруды жақсарту және инфляцияға қарсы саясат шараларының бірі ретінде қазіргі кезде инфляциялық таргеттеуге үлкен маңыз беріледі.

Осылайша инфляцияның әлсіруіне әлемдік теория мен практикада жинақталған қаражаттың бүкіл арсеналдарын онымен күресуге әрекет жасағанда ғана, сондай-ақ оны Қазақстанның жағдайларына үнемі дағдыландыра отырып қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Бимендиева Л.А. «Экономикалық өсу – ұлттық экономиканың қызмет етуінің нәтижесі ретінде» // Хабаршы журналы № 6, 2004 ж.
- 2 Мақыш С.Б. «Ақша айналысы және несие». – Алматы, 2000.
- 3 Жүнісов Б., Мәмбетов Ұ., Байжомартов Ұ. «Нарықтық экономика негіздері». – Алматы: «Экономика»-2000.

References

- 1 Bimendieva L.A., «Economic growth as a result of the functioning of the national economy» // the Bulletin magazine №6, 2004
- 2 Junisov B., Mambetov U., Bayzhomartov U. «Basics of market economy». – Almaty: «Economy», 2000.
- 3 Makysh S.B. «Monetary circulation and credit». – Almaty, 2000.